

**«6D050100 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған
Дүйсенова София Малкайдарқызының «Қазіргі Қазақстан жастарының
білім және ғылыми стратегиялары» тақырыбында жазылған
диссертациялық жұмысына ресми**

СЫН-ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Әлемнің көптеген елдері өз бағыттарын білімді генерациялау мен трансляциялауға негізделетін экономиканы құруға жұмсап отырғаны белгілі. Қазіргі уақытта бүкіл экономикаға жаһандану, интеграция және халықаралық әріптестік секілді әлемдік тенденция айтарлықтай ықпал етуде. Бұл жағдай кез келген елдің білім кеңістігіне осы тенденция арқылы өзгерістер енгізіп отыр. Осындай жағдайларда білім стратегияларын қалыптастыру мен таңдауға жастар ерекше көңіл бөліп, қызығушылық танытуда.

Сонымен қатар біздің мемлекетіміздің ішкі саясатында тұрақты даму стратегиясына көшу адамның жаңа өмір салтына көшу қажеттілігін тудырады. Бұл жаңа өмір салты үздіксіз білім алуға, өз бетімен оқуға деген жоғары интеллектуалды дайындыққа, кәсіби мобильділік пен өзін-өзі танытуға негізделген. Әлемдегі және елдегі барлық әлеуметтік салалардағы өзгерістер қарқынының жоғарылығы оларға тұлғаның ғана емес, сондай-ақ, әлеуметтік институт ретіндегі білім жүйесінің де бейімділігінің жоғары деңгейде болуын талап етеді.

Бұл еңбекте жастардың білім және ғылыми стратегияларының қалыптасуы мен оны жүзеге асыру процесі зерттелген. Зерттеу, бір жағынан, кәсіби білім жүйесінде, кейін ғылым саласында өтетін кезеңдерде қалыптасатын процесс ретінде қарастырылса, екінші жағынан, алып жатқан білім мен мамандықтың әртүрлі типтеріне бағытталған өмірлік стратегияларда қалай жүзеге асып жатқандығы көрсетеді.

Осыған байланысты С.М. Дүйсенованың диссертациялық зерттеу жұмысы өте өзекті, ғылым мен тәжірибенің, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне жауап береді.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Ізденуші София Малкайдарқызы диссертациялық жұмысының жоспары, мақсаты мен міндеттеріне сай бес ғылыми нәтижені көрсетеді. Олардың әрқайсына жеке тоқталатын болсақ:

Бірінші нәтижеде Білім стратегияларының классикалық әлеуметтану концепциясының талдауы жасалды, жастардың білім стратегияларының әлеуметтік-топтық ерекшеліктері сипатталды; білім кеңістігіндегі өмірлік

жоспарларды жүзеге асыру ретінде білім стратегияларының заманауи бағыттары сипатталды.

Екінші нәтижеде «Ғылыми мотивациялар» дискурсының мазмұны қарастырылып, «жас ғалым» тобының әлеуметтік сипаттамасы берілді; «білім стратегиялары» мен «ғылыми стратегиялар» ұғымдарына авторлық анықтамалар берілді.

Үшінші нәтижеде Алынған эмпирикалық нәтижелерге сәйкес, жас ұрпақтың адамгершілік-этикалық нормаларының, құндылық бағдарының қалыптасуында ата-аналары мен достарының әсері, мамандықтар бойынша гранттарды бөлу сияқты прагматикалық құндылықтар (атап айтқанда, университет пен мамандықтың беделі) шешуші болып табылатындығы дәлелденді.

Төртінші нәтижеде Білім және ғылыми стратегия: түлектің кәсіпқойлығы; прагматизмділігі; қоршаған адамдарға бағыныштылығы (ата-аналар, туыскандар, достар және т.б.); бейтараптығы сияқты факторлардың ықпалымен қалыптасатындығы дәлелденді. Ғылым қызметі саласындағы жас ғалымдардың мінез-құлықтарына әсер етуші: экономикалық, институционалды және тұлғалық факторлар анықталды.

Бесінші нәтижеде Факторлық және кластерлік талдау жасау негізінде білім алушы жастардың білім және ғылыми стратегияларының үш типологиясы құрастырылды. Жас ғалымдардың типтері мен олардың кәсіби бағдарларының тұрақтылығы анықталды, бұл типтердің Қазақстандағы таралу деңгейі айқындалды.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Ізденуші ұсынған ғылыми тұжырымдар мен нәтижелер сенімді және жеткілікті дәрежеде негізделген. Диссертациялық зерттеудің ұсынылған нәтижелерінің сенімділігі: 1) зерттеу әдістемесінің барлық талаптарына сәйкес әзірленген; 2) зерттеуге қатысқан респонденттерді іріктеудің репрезентативтілігі; 3) аналитикалық тұрғыда алынған нәтижелерді зерттеген және ұсынған; 4) сәйкес бағдарламалармен статистикалық талдау әдістерін қолданған.

Бірінші ғылыми нәтиже нақты әрі жан-жақты негізделген. Білім стратегияларының классикалық әлеуметтану концепциясына талдау жасай отырып, жастардың білім стратегияларының әлеуметтік-топтық ерекшеліктеріне толықтай сипаттама жасаған. Білім кеңістігіндегі өмірлік жоспарларды жүзеге асырудың заманауи бағыттары камтылған.

Екінші ғылыми нәтиже анық және дәлелденген болып табылады. «Ғылыми мотивациялар» дискурсының мазмұны қарастырып, «жас ғалым» тобының әлеуметтік сипаттамасын жасаған, сонымен қатар «білім стратегиялары» мен «ғылыми стратегиялар» ұғымдарына авторлық анықтамасын берген.

Үшінші ғылыми нәтиже анық және дәлелденген деп бағалаймын. Алынған эмпирикалық нәтижелерге сәйкес, жас ұрпақтың адамгершілік-этикалық нормаларының, құндылық бағдарының қалыптасуында ата-аналары мен достарының әсері, мамандықтар бойынша гранттарды бөлу сияқты прагматикалық құндылықтар (атап айтқанда, университет пен мамандықтың беделі) шешуші болып табылатындығы дәлелденді.

Төртінші ғылыми нәтиже нақты әрі жан-жақты негізделген. Білім және ғылыми стратегиялары: түлектің кәсіпқойлығы; прагматизмділігі; қоршаған адамдарға бағыныштылығы (ата-аналар, туысқандар, достар және т.б.); бейтараптығы сияқты факторлардың ықпалымен қалыптасатындығы дәлелденген. Ғылым қызметі саласындағы жас ғалымдардың мінез-құлықтарына әсер етуші: экономикалық, институционалды және тұлғалық факторлары анықталған.

Бесінші ғылыми нәтиже анық және дәлелденген болып табылады. Бұл нәтижеде факторлық және кластерлік талдауды қолдана отырып, білім алушы жастардың білім және ғылыми стратегияларының үш типологиясы құрастырылған. Жас ғалымдардың типтері мен олардың кәсіби бағдарларының тұрақтылығын анықтай отырып, бұл типтердің Қазақстандағы таралу деңгейін айқындаған.

Диссертанттың қорытындылары мен тұжырымдары сенімді және автор талдаған және жүйелеген репрезентативті социологиялық зерттеулердің нәтижелерін талдаумен негізделген, сонымен қатар диссертациялық зерттеудің сандық және сапалық мәліметтерін жүйелеу және өндеуде, дұрыс рәсімдеуде ғылыми әдістемені қолдану арқылы дәлелденген.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалығы жоғары, өйткені қазақстандық әлеуметтану ғылымы мен практикасында білім алушы жастардың білім және ғылыми стратегияларын зерттеп, салыстырмалы талдау жүргізіп, «жас ғалымдарға» сипаттамалар жасалды, сонымен қатар олардың мінез-құлықтарына әсер ететін факторлар анықталды. Диссертацияда қолданылған деректерді зерттеу, өңдеу және талдау әдістері әрбір ұсынылған нәтиженің жаңалығын айтуға мүмкіндік береді.

Бірінші ғылыми нәтиже білім стратегияларының классикалық әлеуметтану концепциясына талдау жасай отырып, жастардың білім стратегияларының әлеуметтік-топтық ерекшеліктері мен білім кеңістігіндегі өмірлік жоспарларды жүзеге асырудың заманауи бағыттарын қамтыған.

Екінші ғылыми нәтиже салыстырмалы жаңа болып табылады, диссертант «жас ғалым» тобының әлеуметтік сипаттамасын жасаған, сонымен қатар «білім стратегиялары» мен «ғылыми стратегиялар» ұғымдарына авторлық анықтама берген.

Үшінші ғылыми нәтиже жаңа болып табылады. Ізденуші зерттелген эмпирикалық нәтижелер бойынша, қоғамдық қатынастардың ауысу кезеңінде

жас буынның құндылықтық бағдарлары мен ұстанымдарының қалыптасуында прагматикалық құндылықтар шешуші болып табылатындығы дәлелденді.

Төртінші ғылыми нәтиже жаңа болып саналады. Ізденуші білім және ғылыми стратегияларының қалыптасуына ықпал етуші факторлар мен ғылыми қызмет саласындағы жас ғалымдардың мінез-құлықтарына әсер етуші факторлары анықтаған.

Бесінші ғылыми нәтиже жаңа болып саналады. Себебі, факторлық және кластерлік талдауды қолдана отырып, білім алушы жастардың білім және ғылыми стратегияларының үш типологиясын құрастырған.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Дуйсенова София Малкайдарқызының диссертациялық зерттеу барысында жеткізген тұжырымдары мен ғылыми нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы жоғары деп айтуға толық негіз бар. Білім және ғылым әлеуметтануына, жоғарғы оқу орындарындағы ғылым саласын дамыту бағыттарына, жас ғалымдар мен зерттеушілердің ғылымға ынталандыру бағытындағы іс-шаралар мен бағдарламаларды әзірлеуге, теориялық тұжырымдар мен қолданбалы зерттеулерге өз үлесін тигізу табылады. Аталған диссертациялық зерттеу жұмысы теориялық және қолданбалы сипатта жазылған. Диссертацияның мәліметтерін мемлекеттік билік органдары мен жоғарғы кәсіби білім беру мекемелерінің басшылары, сонымен қатар, әлеуметтану саласындағы мамандарды дайындау, кәсіби біліктілігін көтеру мен қайта даярлау жұмыстарында қолдануға болады.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

С.М. Дуйсенованың диссертациялық жұмысы жоғары теориялық және әдіснамалық деңгейде жазылған. Бірақ жұмыста кейбір кемшіліктер кездеседі.

1. Зерттелетін тақырыпты талдаудың толықтығы үшін, әсіресе білім және ғылым тұрғысынан, қазіргі заманғы Қазақстан Республикасындағы білім саласындағы жағдайларға байланысты 2025 жылға дейін білімді дамыту мемлекеттік бағдарламасы: оқу бағдарламаларын жаңалау, ғылымды қолдау және электрондық ҰБТ сияқты мәселелерге арналған соңғы ресми нормативтік құжаттарды қолдану қажет.

2. Білім және ғылыми стратегияларын зерттеу кезінде магистранттар мен докторанттар туралы соңғы жылдар бойынша ҚР Ұлттық Экономика Министрлігінің статистика комитетінің ресми мәліметтері толыққанды ұсынылмаған.

3. Жастардың білім және ғылыми стратегияларын анықтаудағы әсер етуші факторларды тереңірек зерттеген жөн. Себебі, ғылыми нәтижеде көрсеткендей ата-аналардың мамандық таңдаудағы рөлі басым. Бұл ата-аналардың бұл мінез-құлқына әсер етуші факторларды зерттеуге қызығушылық туғызады.

4. Жұмыста кейбір стилистикалық қателіктер бар, атап айтқанда, диссертант өте ұзақ сөйлемдерді қолданады.

Зерттеудің жоғарыда көрсетілген бағыттарын ізденуші өзінің болашақ зерттеу жұмыстарында қарастырады деп ойлаймын. Дегенмен, бұл кемшіліктер ізденушінің зерттеу жұмысын жазу барысында алға қойған мақсаты мен міндеттерінің орындалу нәтижесі мен мазмұнына нұқсан келтірмейді.

7. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Диссертант София Малкайдарқызының қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеу жұмысы тақырыбының өзекті екені даусыз. Жұмыс толық аяқталған. Диссертант өз ойлары мен ғылыми тұжырымдамаларын дәлелдеу барысында әдістемелер мен ғылыми әдістерді оңтайлы пайдалана білген. Диссертанттың зерттеу жұмысы қазақстандық әлеуметтану ғылымына өзіндік үлес қосады деп айтуға болады.

София Малкайдарқызының «Қазіргі Қазақстан жастарының білім және ғылыми стратегиялары» тақырыбындағы зерттеу жұмысының мазмұны ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына сәйкес орындалған.

Жоғарыда айтылған мәліметтерге сәйкес жұмыстың авторы Дуйсенова София Малкайдаровнаның «6D050100 – Социология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми сын-пікір беруші
ҚР Президентінің жанындағы
мемлекеттік басқару академиясының
Алматы обласы бойынша филиалының
Білім беру бағдарламаларын іске асыру
және ілгерілету кабинетінің доценті,
социология ғылымдарының докторы



Р.Қ. Аралбаева

«18» 09 2021ж.